

## Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 94 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 592 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.07.2015 № 592 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру бойынша лицензиар болып;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің тиісті аумақтағы аумақтық бөлімшелері медициналық және фармацевтикалық қызметке лицензия беруді келісуді жүзеге асыратын органдар болып белгіленсін.

2. «Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 71 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 13, 242-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2 - тармақ алып тасталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К.Мәсімов*